

**2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 87 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 сәуірде № 4199 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. "2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 18 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4096 болып тіркелген, 2019 жылдың 14 ақпанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Шүкеевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Мырзахметов*

*бұйрығына қосымша/  
бұйрығымен бекітілген/  
бірлескен қаулысы  
мен шешіміне қосымша/*

**2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері (жергілікті бюджет қаражаты есебінен)**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 19.12.2019 № 291 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№	Субсидиялау бағыты	Субсидия көлемі, мың теңге
<b>Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы</b>		
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	
1.1	Тауарлы аналық бас	699 365,004
1.2	Асыл тұқымды аналық бас	366 677,373
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	39 800,0
3.	Асыл тұқымды және таза тұқымды ірі қара малын сатып алу	
3.1	Отандық	704 156,0
3.2	Импортталған	138 373,83
4.	Бұқашық бордақылау шығындарын арзандату	999 417,798
5.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату	416 249,264
<b>Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы</b>		
1	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу	
1.1	ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	13 500,0
1.2	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген	34 200,0
2.	Сүт өндіру құнын арзандату	
2.1	Бағымдағы аналық бас саны 50, 400 және 600 бастан басталатын шаруашылық	87 752,378
2.2	Ауыл шаруашылығы кооперативі	126 715,514
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	36 015,0
<b>Етті құс шаруашылығы</b>		
1.	Құс етін өндіру құнын арзандату	189 448,904
<b>Жұмыртқалы құс шаруашылығы</b>		
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату	70 595,671
<b>Шошқа шаруашылығы</b>		
1.	Шошқалардың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	44 560,0
<b>Қой шаруашылығы</b>		
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	

1.1	Асыл тұқымды аналық бас	11 424,032
1.2	Тауарлық аналық бас	100 042
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	405 970,93
3.	Қозы өткізу құнын арзандату	171 565,0
Жылқы шаруашылығы		
1.	Асыл тұқымды жылқы сатып алу	31 100,002
2.	Бие сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату	15 691,3
	Жиыны:	4 702 620

**2019 жылға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен)**

№	Субсидиялау бағыты	Субсидия көлемі, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы		
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	327 500,0
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	64 300,0
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	161 200,0
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	988 950,412
4.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	614 908,4
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	409 164,736
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы		
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу	
1.1	отандық және ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	81 300,0
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:	
2.1	бағымдағы аналық бас саны 600 бастан басталатын шаруашылық	100 049,74
2.2	бағымдағы аналық бас саны 50 бастан басталатын шаруашылық	64 407,78
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі	97 651,83
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	4 245,0
4.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	3 800,0
Етті құс шаруашылығы		
1.	Құс етін өндіру құнын арзандату	74 902,26
Жұмыртқалы құс шаруашылығы		

1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	11 814,0
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату	42 946,882
<b>Шошқа шаруашылығы</b>		
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	47 480,0
<b>Қой шаруашылығы</b>		
1.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	94 404,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	
2.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	685 447,0
2.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	1 063 236,0
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	297 424,0
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық кошқарды күтіп-бағу	86 670,0
5.	Қозы өткізу құнын арзандату	102 987,0
6.	Өндеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату	30 118,2
<b>Жылқы шаруашылығы</b>		
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	11 100,0
2.	Бие сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату	33 992,76
	Жиыны:	5 500 000